



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

# Алақол

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№47 (7978) 20. 11. 2021.  
Сенбі / Суббота

## Кеңес отырысы өтті



Жуырда аудан әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы – демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының III тоқсандық отырысы өтті. Оған мекеме басшылары мен комиссия мүшелері қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов: «Гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылып, Елбасы жарлығымен гендерлік саясат қабылданды. Қазақстан әйелдерінің ел дамуындағы маңызды рөлін тағы да дәлелдеп, гендерлік және отбасылық - демографиялық саясаттың одан әрі даму бағытын айқындай түсті», - дей келе, тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алып, онда адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланатындығын тілге тиек етті. Сонымен қатар тұжырымдама аясында ерлер мен әйелдердің тең әріптестігіне негізделген отбасылық қатынастарды құру арқылы отбасы институтын нығайту маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Аудандық білім бөлімінің басшысы А.Ибраимов пен Алақөл

гуманитарлық-техникалық колледжі директорының м.а Д.Ракишев орта және кәсіптік білім беру мекемелерінде оқушылар, жастар арасында отбасылық құндылықтарды насихаттау, озық отбасылық дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы әңгіме өрбтті.

Аудандық жастар ресурстық орталығының психолог маманы А.Оспанның «Отбасылық сот» жобасының аясында ажырасу профилактикасы бойынша атқарылған жұмыс және медиация туралы баяндамасы тыңдалады.

Қиын өмірлік жағдайға ұшырағандарға (отбасыларға), зорлық-зомбылық құрбандарына, тұрмысы төмен жанұяларға кешенді қызмет көрсетуге бағытталған жұмыс туралы аудандық ПБ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің инспекторы М.Старкова айтып өтті.

Сонымен қатар кеңес жұмысын іске асыру барысында анықталған кемшіліктер бойынша бөлім, мекеме басшыларының жұмыстары сын тезіне алынып, бірқатар тапсырмалар жүктелді. Және кеңестің хаттамалық тапсырмаларын орындамағаны үшін жауапкершіліктерін қарау туралы ұсыныс енгізілетіні айтылды.

М.ҚУАТҚЫЗЫ.

Тәуелсіздік - басты құндылығымыз. Ел болып дамып, көк туымызды көкке көтеріп жүргенімізге биыл 30 жыл. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады.

Тәуелсіздігімізге 30 жыл толуына орай көптеген іс-шаралар өткізілуде. Жыл басынан бері оған өзіміз де куә болып келеміз. Атап айтсақ, Алақөл



## Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік

гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері мен оқытушыларының қатысуымен «Өрлей бер өркениетке, өсер елім» атты дөңгелек үстел, «Ерке-Нұр» балабақшасы тәрбиешілерінің қатысуымен «Тәуелсіз елдің тілі тұғырлы болсын» атты тренинг, «Тарихы терең, тағдыры кемел халықпыз» атты Желтоқсан куәгерлерімен кездесу кеші, қала мектептерінің тарихшыларының қатысуымен «Алаштың ақ маңдайлы ерлері» атты дөңгелек үстел, Желтоқсан қаһарманы болған Қайрат Рысқұлбековтың туылғанына 55 жыл толуына орай «Ұлты деп соққан ұлы жүрек» атты тарихи танымдық кештер өткен болатын. Осы іс-шараларда белсенділік

танытып жүрген қызметкерлерге аудандық орталық кітапхана атынан алғыс білдіру мақсатында «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты кеш ұйымдастырылды.

Шараларда ерекше көзге түскендерді орталық кітапхана директоры Г.Сүйеубаева марапаттады. Атай кетсек, балалар шығармашылық орталығы, Үшарал №1 орта мектебі, С.Иманасов атындағы орта мектебі, Үшарал қазақ гимназиясы, Абай атындағы қазақ орта мектебі, Алақөл гуманитарлық-техникалық колледжі, сондай-ақ Б.Жайлаубай, Қ.Серіков, Қ.Нүсіпхан, С.Амандықов, Н.Исаева, А.Бағлан, Ж.Сағатқызы, Д.Мәулітбекұлы, Ж.Жүсіпқызы Алғыс хат пен сыйлықтарға ие болды.

Қонақтарға З.Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйінің әншісі С.Амандықов ән айтып, ақ тілегін жаудырды.

Тәуелсіздік - ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен бұйырған ұлы күн. Бұл күнді келер ұрпаққа насихаттап жеткізу мына біздің міндетіміз. Жастардың жанында тек қазіргі еркіндікте жүргеніміз емес, осы күнге қандай жолмен, қандай қиыншылықпен келгенімізді сақтауымыз керек.

Ж.КУМПЕИСОВА.

Баспасөз - 2022

«Алақөл» -  
әр үйге

Құрметті оқырман!

Бүгінде еліміз өте бір күрделі кезеңді бастан өткеруде. Сәл саябырсығанымен екі жылдан бері дүние жүзін жайлаған індеттен арыла алмай келеміз. Әлеуметтік жағдайды жақсарту, экономикамызды оңалту бағытында түрлі шаралар қабылданып жатқанымен өлі де болса тығырықтан шыға алмай отырған жайымыз бар.

Осындай шақта өңіріміздің тыныс-тіршілігінен хабардар болуда сіздерге «Алақөл» газеті көмекке келеді. Баршаңызды төл басылымдарыңызбен белсенді қарым-қатынас жасауға шақырамыз.

Газетке 2022 жылға жазылу басталды. «Алақөлі» әр шаңырақтан көрсек дейміз.

Газеттің жылдық жазылу бағасы:

Жеке адамдар үшін- 4999 теңге 78 тиын, индексі 66551.

Зейнеткерлер үшін- 4499 теңге 52 тиын, индексі 36551.

Мекемелер үшін-6371 теңге, индексі 16551.

А. ТАУЫМОВА.

## Дарынды жастар доғаға түсті

Тәуелсіздігіміздің отыз жылдығына орай өңірімізде қарқынды түрде ұлтымызды ұлылайтын, тіліміз бен дінімізді насихаттайтын, азаттығымызды асқақтататын әртүрлі іс-шаралар жүзеге асуда. Соның бірі аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудан әкімінің кубогы үшін өткен «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты жас мамандар арасындағы «Жайдарман - 2021» ойындары.

Аталмыш шарада білімді де білікті, ойы жүйрік, өнерлі, тапқыр әрі белсенді жас мамандардан құралған 12 топ бақ сынасып, қызықты ойын көрсетті. Жалпы сайысқа түскен құрамалар екі кезең бойынша өнерлерін таразылады. Яғни, сәлемдесу және үй тапсырмасы. Әрбір топ өздігінше барын салып, өзекті тақырыптарға

өткір әзіл келтіруге тырысып бақты. Десек те пандемиядан кейінгі ұзақ кідірістен соң біраз олқылықтар байқалды.

Ойын соңында сөз алған аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов: «Жайдарман ойынының негізгі мақсаты өткір, тұщымды әзілдер арқылы бүгінгі қоғамның әл-ауқатын көрсету. Тіл шұбарлығына бұл жерде қатаң тыйым салынады, тіл байлығын қолданып, әзілмен дөп айтып жеткізгендер ғана жайдарманшы бола алады. Қағытпа қалжындарға тың идеяларды, жаңа технологияны, өмірде көргенімізді қосайық. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, бұл біздің өңірде кенжелеп қалған өнер, оны бүгін байқадық. Әрине, іс-шарамыз ойдағыдай өтпеді деп айта алмаймыз. Дайындық бар, көп-көрім, ұтымды әзілдер де айтылды. Оны жоққа шығармаймыз, дегенмен де келесі жолы бұдан да жақсы деңгейде өтеді деген сенімдеміз», - деп,



біраз нәрселерге ескертулер жасағанмен де, ойын барысында жақсы өнер көрсеткендердің де болғанын айта кетті.

Жайдарманның қорытындысы бойынша 3 орынды Үшарал №1 орта мектебінің «Алақөл тентектері» командасы алса, 2 орынды Абай атындағы қазақ орта мектебінің «Тәуелсіздік қырандары» құрамасы, ал жүлделі 1 орынды Үшарал қаласы №2 орта мек-

тебінің «Жеңіс 77» тобы иеленді. Жеңімпаздарға арайы дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар жарыс барысында үздік ойын көрсете білген «Сахзавод жастары» тобының мүшесі С.Құрманғалиева «Үздік ойыншы», ал «Жағатал жастары» құрамасының ойыншысы Б.Қалибекұлы «Үздік капитан» атанды.





ептілікті сүйеді» демекші, істерінде олқылық жібермей, талай жылғы тәжірибелерін қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Ендігі міндет қорадан еретін қоңырдың басын көкке аман жеткізу. Ол үшін жұмысшылар бір сәтте тыным көрмей, еңбектенуде. Бабын тапсаң, барын беретін малдың өсімталдығы бағзыдан белгілі. Ал бабын келістіретін шаруалардың тынымсыз тірлігі мақтауға да тұрарлық. Әр кәсіптің өз науқаны бар, ол жыл

маңыздылығы зор. Ал жеке шаруашылық миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алады. Оларды өңірлік азық-түлік хабтарын құруға жұмылдыру қажет», - деген болатын.

Қазір басы бірікпеген жеке қосалқы шаруашылықтар шын мәнінде өлместің күнін көріп отыр. Ауыл еңбеккерлерінің ауыр жұмысы тым арзан бағалануда. Есесіне алып-сатарлар байып жатыр. Сондықтан мемлекет басшысы Қ.Тоқаев субсидия және салық жеңілдіктерін беру бағдарламасы аясында

## Животноводство — процесс трудоемкий

Третье воскресенье ноября - День работников сельского хозяйства и самое время говорить о тех, кого объединяет эта дата. Они живут и трудятся на земле, работают в животноводстве, растениеводстве, научных аграрных организациях и предприятиях по переработке сельхозпродукции.



Честным трудом добывают свой хлеб насущный алакольские животноводы. Об одном из них хочется рассказать в данном материале. С раннего утра и до позднего вечера занят на своем подворье житель Ынтылинского сельского округа Фархат Конбаев. Его, мягко говоря, «подворье» это до 700 баранов и овец, 50 лошадей и коней, около 10 коров. Свое крестьянское хозяйство Фархат организовал в 2003 году, будучи еще школьником, и за 9 лет вырос до уверенно стоящего на ногах опытного животновода.

Сегодня КХ «Конбаев и К» активно занимается разведением баранов и овец. Нынешней весной окотная кампания прошла, как и планировалось, ста овцематок получили 90 ягнят. Выращивание баранов и овец – простой, трудоемкий и перспективный бизнес. При правильном подходе и выборе породы неприхотливые животные могут обеспечить своего хозяина вкусным мясом, молоком, жиром, шерстью и шкурой. В условиях личного подворья содержать овец нетрудно, главное знать особенности и потребности животных, правила ухода и содержания. Но это в случае малого количества, а вот когда их становится гораздо больше, остро встает вопрос наличия земельных угодий. И имеющиеся сегодня у Фархата Конбаева 30 гектаров не покрывают всей необходимости.

Еще одна немаловажная проблема животноводства это реализация шерсти и шкур. Их просто приходится сжигать или закапывать. И это глобальный вопрос. За весеннюю стрижку может быть настрижено до 2,2 тонн, которые абсолютно никому не нужны. По словам животновода в Казахстане существует только одно крупное предприятие, которое занимается обработкой шкур и шерсти. И оно не покрывает потребностей внутреннего рынка. Многие животноводы говорят об этом. Если бы действовала система заготовки шкур и шерсти, как это было раньше, и предлагалась бы реальная цена, животноводам это было бы выгодно. Ведь кто знает, сколько шкур в виде плащей и курток возвращается назад, причем с колоссально добавленной стоимостью.

Между тем, спрос на мировом рынке на кожу и шерсть увеличивается. Так что резонно было бы всерьез задуматься о собственной переработке. Перспективы здесь большие.

На вопрос о молоке и мясе, Фархат Конбаев говорит, что реализует продукты в соответствии со спросом алакольцев. Из кобыльего молока готовят кумыс.

В наступающий день работников сельского хозяйства желаем герою нашего материала непременно успехов и процветания. И конечно, же хочется напомнить, что именно такие, как Фархат Конбаев своим ежедневным трудом обеспечивают всех нас свежим молоком и мясом, фруктами и овощами. И роль занятых в этой сфере трудно недооценить.

В.ИВАНОВА.

## Табыс – еңбекті сүйеді

Ауыл шаруашылығы – ел аумағында ең көп қолға алынған сала болғанымен оның өзіндік қиындықтары мен ауыртпалықтары да мол. Төрт түлік төлің күтімсіз қалса, саны кемиді, көктемдегі егін науқанынан кешіксең бір жыл өнімсіз отырасың. Бұл бағытта еңбек жүгін көтергендер әр жұмыстың өз уақытында, өзінің ереже-талаптарымен орындалатынын жақсы біледі. Өйтпеген жағдайда барлығының да бекерге кеткені.

Шалқар дала төсінде тоғыз қанат қазақ үйдей кеңінен жайылған ауданымыздың тірек саласының бірі де – ауыл шаруашылығы. Қара жердің арқасын сөгіп, түзде жүріп тірлігін түзеген диқаншы, төрт түлігін түгендеп, жазын жайлауда, қысын қыстауда өткізген малшы мен көл-көсір көл байлығынан нәпақасын тапқан балықшы да өңір экономикасының өрістеуіне өзіндік үлестерін қосып отыр. Қарашаның үшінші жексенбісі нағыз еңбекті сүйетін ауыл шаруашылығында жүрген азаматтардың төл мерекесі.

Тәубе, пандемияға қарамастан аталған бағыттағы жұмыстар кенжелеп қалмады. Коронавирус екіпіні былтыр қатты тигенімен, жылды ойдағыдай аяқтауға мүмкіндік туды. Биыл карантиндік талап-ережелер бәсеңдеп, жұмысты толықтай қолға алдық.

Қазір міне, көктемнен бергі қызу жұмыс аяқталып, күзгі жиын-терін науқанында шаруалар аянып қалмауда. Жыл бойғы еңбектің нәтижесі өнім көлемінің молдығымен өлшенбек. Жерге тамған әр тамшы маңдай тердің өтеуі қамбаға жиналар астықпен ақталмақ.

Биыл дән егіп терлеген азаматтар 85 мың гектарға жуық жерді игерген.

Бүгінде жиын-терін аяқталып, 77 мың гектардан астам жерге егілген дәнді дақылдан 82 мың тоннаға жуық өнім жиналды. 28 мың гектарға жуық алқаптағы майлы дақылдан 45 мың тоннаға жете өнім қабылданды. Қызыл қырманның қызған науқанына 250 ауыл шаруашылығы техникалары жұмылдырылды. Бір айта кетерлігі, жыл басынан 486 млн. 300 мың теңгеге 57 дана техни-

мезгіліне қарай баяу яки жылдам жаққа қарай өзгеріп отырады. Ал, малшы қауымының 24 сағатына да тыным жоқ. Көктемнен қой қоздаудан басталып, күйек алу, қырқым, жайлауға шығу, қыстауға көшу сынды өз жалғасымен кете береді. Күйлі, қоңды малдан ғана өсімтал төл өрбиді. Күтімі онды түліктің төлі егіз, еті семіз келеді.

Ауданда жалпылай алғанда 1148 шаруа қожа-

ауылдық жерлердегі кооперацияны ынталандыру үшін тиісті шаралар топтамасын әзірлеуді де тапсырды.

Жер ананы идіріп, қырманды қызыл дөнге, төрт түлікті төлдетіп, қораны малға толтырған шаруалардың еңбегі қашан да қадірлі. Көктемде дән сеуіп, жазда егінді өңдеп, күзде шашаусыз жинап алатын диқандар мен малды шығынсыз қыстан алып шығуға кіріскен малшылар-



ка сатып алынған.

Мал шаруашылығында да мардымды дүние көп. Қылышын сүйреген қыстың қаһарынан түлікті аман алып шығуға қажетті 355 мыңға жуық жемшөп толығымен әзір.

Түлік саны да өсуде. Алақөл даласында 83 мыңдай ірі қара, 253 мыңға жуық ұсақ мал, 34 мың жылқы, 212 түйе өріп жүр. Қорамызда 129 мың құс бар. Жыл басынан 11351 тонна ет, 34850 тонна сүт өндірілген. Қуантарлығы, жыл өткен сайын асыл тұқымды мал басы да өсіп келеді. Бүгінде ірі қараның 26,5 проценті, қойдың 38,7 проценті, жылқының 23,9 проценті асыл тұқымды. Өңірдегі сыйымдылығы 6300 басқа арналған 6 мал бордақылау алаңында 1823 ірі қара тұр.

Жыл он екі ай бойы тынымсыз тірлікті қажет ететін мал шаруашылығы мол еңбек пен жауапкершілікті талап етеді. Ата кәсіпті нәсіп еткен ағайын уақытын да, күш-қайраттарын да аямауда. «Еңбек

лығы, 25 ЖШС бар. Олардың ішінде малмен 393, егінмен 755 шаруашылық айналысуда. Осы салада өнімді еңбек етіп жүрген азаматтардың ішінен А.Ділдебаев, А.Жазылбеков, М.Байғожанов, Ө.Ахметов, Е.Жуанышбаев, Е.Артықбаев, А.Мансұров, С.Қапсамет, Д.Нағашбекұлы, М. Байзақов, А. Беков, А.Бабичев, М.Кәмпитовтерді ерекше атап өтуге толықтай негіз бар.

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының тірегі. Жұртты азық-түлікпен қамтамасыз етіп, жаһандық бәсекелестікке лайықты болуымыз үшін бұл саланың маңыздылығы жоғары.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бір сөзінде: «Ауыл шаруашылығын дамытпай бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес. Қазақстанда бидай, майлы дақылдар, ет, жеміс-жидек, қант, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу үшін жеті ірі эко-жүйе қалыптастыруға болады. Балық шаруашылығын арттырудың да

дың арқасында алдымызға қояр ас та мол.

Елдігімізді еселеп, мемлекеттігімізді нығайтқан тәуелсіздік жылдары ауыл шаруашылығы қолдау мен сындарлы саясаттың арқасында жаңа деңгейге көтеріліп, экономикамызды көтеру мен ауыл тұрғындарының ахуалын арттыруда жетекші күшке айналды. Демек, халықтың әл-ауқаты мен өмір сапасының жақсы болуы ауыл шаруашылығының дамуымен тығыз байланысты.

Осы ретте ауыл шаруашылығы саласында жүрген барша алақалдіктерді осынау айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Қамбамыз астыққа толып, даламызда мыңғырған малымыз жорта берсін. Мемлекеттің дамуына елеулі үлестеріңізді қосып, «Мәңгілік ел» болу мұратымызға жетуде аянып қалмаңыздар.

Қ.ЖҰБАЕВ,  
аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.



ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

# Горжусь своей Родной

Независимость является главным богатством любого государства. Разные народы, по-разному добиваются независимости, через революции, войны, национально-освободительные войны. Для Казахстана события декабря 1986 года стали началом стремления народа к суверенитету, самоопределению. В 1991 году 16 декабря Верховным советом РК был принят Конституционный закон «О государственной независимости РК». В этом году мы отмечаем 30-летие главного национального праздника - Дня Независимости, образования суверенного государства под названием Республика Казахстан.



Понятие «Родина» обширно и уверена несоизмеримо. Но что это такое. Это шум в сосновом бору, это пение птиц за окном, это бурлящие быстрые реки, бескрайние степи, глубокие озера, заснеженные вершины гор, игривые лучи солнца на твоей подушке, это воздух, даже воздух свой, родной. А, впрочем, Родина у каждого своя, а моя – Республика Казахстан. Это большая, красивая, гостеприимная, дружная, молодая страна. Она лежит в самом «сердце» Азии. Казахстан занимает 9 место в мире по площади. Более половины территории равнины. На севере страны раскинулись разнотравные злаковые степи с островками сосновых боров и березовых колков. На западе среди огромного пространства степей и песков расположена Прикаспийская низменность. На юге и востоке республики возвышаются заснеженные горные вершины, которые, кажется, достают до небес. Природа у нас тоже особенная. Суровые зимы с обилием пушистого снега, укладывающегося в пышные сугробы, сменяются жарким летом. Казахстан также богат внутренними сокровищами. Республика является одним из мировых лидеров по добыче нефти, газа, угля.

Страна известна не только

своими просторами, но и народом. Казахстанский народ необычайно добрый, приветливый и чуткий. В нашей стране проживает около 150 национальностей. В республике каждый имеет право на выбор вероисповедания, таким образом, наше государство не только многонациональное, но и многоконфессиональное.

Казахстан – это Родина для многих выдающихся деятелей культуры, политики, искусства, исторических личностей. Например, А. Кастеев – знаменитый ка-

История Казахстана многогранна и уходит своими корнями в глубокое прошлое. Первые люди появились на этой территории Казахстана около миллиона лет назад, отсюда и началась долгая история становления государства. История Казахстана связана с историей саков, уйсуней, канглов, сарматов, гуннов, с образованием Казахского ханства, затем с вхождением в состав Российской империи, становлением КазССР и, наконец, обретением независимости. И

теперь, став суверенным, наше государство продолжает творить свою историю.

С 1991 года многое изменилось. Отсоединившись от Советов, страна была на грани кризиса. Однако, за эти 30 лет она выбралась из этого тяжелого положения, стабилизировалась, поднялась с колен, заявив о себе на весь мир. Сейчас Республи-

ка Казахстан – одна из самых успешных государств мира, с развивающейся экономикой.

О Родине не скажешь в двух словах, я вряд ли рассказала и об одной десятой части всей значимости, всего ее могущества и богатств. Но я хочу сказать о той любви, которую чувствую к своей стране. Хочу сказать о той гордости, которую испытываю, когда болею за наших спортсменов, участвующих в международных олимпиадах, и когда пою гимн вместе с ними, когда они побеждают. Хочу сказать о том необычайном чувстве, которое охватывает меня, когда я проезжаю бескрайние степи или слышу пенье птиц за окном. О той признательности, которую я чувствую, осознавая, что живу в свободном, крепком государстве под мирным небом. Я горжусь, что живу на Родине таких великих людей, как А.Байтурсынов и М.Ауэзов, Ш.Уалиханов и К.Касымов, А.Кунанбаев и С.Нурпеисова, С.Датов и А.Молдагулова. И я хочу жить дальше в спокойном и мирном государстве и передавать всю эту любовь и признательность к родной земле своим детям. Я горжусь своей страной, для меня «казахстанец» звучит гордо!

А. ЖАНАТОВА.



Прошло тридцать лет независимого развития Казахстана и можно подвести некоторые итоги, оценить достигнутое. Один из безусловных успехов страны - выработанная уникальная модель мирного сосуществования множества различных этносов и культур.

Язык - одна из самых главных потребностей в жизни человека. Это средство нашей социальной активности с помощью которого мы обмениваемся, усваиваем, получаем новую информацию. Владение языком с давних времен являлось огромнейшим богатством цивилизованного общества.

На трехязычное обучение многие смотрят с непониманием и недоверием. Ведь эти три языка: казахский, русский и английский совсем разные по своей основе, грамматике и языковому коду.

Но я думаю, что сейчас в нашем современном Казахстане новое понятие «трехязычие» уже представляет собой единое целое. Сейчас люди не просто жители и представители одной страны, у них есть возможности жить и работать в других государствах. А для талантливого и увлеченного человека это дает возможность самому, без переводчиков, приобщаться к национальной культуре этих стран. Знания нужны, чтобы быстрее адаптироваться в новых условиях жизни. Однако, это не значит потерять память о своих предках, что тысячелетиями накапливалась в сознании каждого казаха.

Не последнюю роль в этом сыграл русский язык - язык коммуникации различных социальных групп. При этом казахский язык продолжает оставаться государственным и дает титульной нации возможность самоидентификации.

Язык - это ключевое явление культуры, вероятно, главный механизм единения, инструмент возникновения и воспроизводства нации как социальной структуры. В конечном счете, язык - это стержень национального государства. И поэтому вопрос о нем оказывается не только культурным, но и политическим.

И в начале XXI века вопрос этот стоит острее, чем когда бы то ни было прежде. Структура современных - национальных - государств пришла из века XIX. Но сегодня практически не осталось стран, в которых проживала бы лишь одна нация. Потому зачастую возникает противоречие между государственной структурой и национальным составом общества.

В странах бывшего СССР, вопрос о языке стоит очень остро. Дело в том, что это молодые государства. И для них актуальна проблема не сохранения, а формирования государственной идентичности. Языковой вопрос - в значительной степени вопрос выживания национального государства здесь и сейчас.

В странах Центральной Азии все 20 лет искали баланс. Но успехи на этом пути достигнуты

# Языковая политика нашей страны



разные.

Особенно интересен опыт Казахстана. В республике реально удалось совместить казалось бы несовместимое: энергичные меры по укреплению роли казахского языка и равноправное положение языка русского. И разгадка проста: меры по усилению роли казахского языка не носят принудительного характера.

Конституция Казахстана объявляет государственным языком - казахский. Но непосредственно в Основном законе страны предусматривается использование русского, как языка межнационального общения.

Будем надеяться, что и впредь удастся сохранить баланс двух языков и укреплять один не в ущерб другому. При этом в Казахстане для этого созданы не только правовые основы, но и институциональные.

Причем Казахстан идет дальше: от двуязычия к трехязычию (казахский, русский, английский). И это также вполне естественно. И русский и английский язык являются не только средствами общения, но оптимальными каналами получения мировых знаний. В трехязычии, как и в двуязычии, главное - давать возможности учиться, ни к чему не принуждая, и это основа решения языковой проблемы в нашей стране.


Везде на постсоветском пространстве приходится искать баланс между двумя необходимыми для страны процессами: развитием государственного языка и сохранением многоязычия. Гарант сохранения баланса - мудрость высшей власти. Принцип добровольности - отказ от принуждения - должен быть сохранен. Тогда наличие многих языков будет вести не к конфликтам, а к развитию страны.

Э.СУЛЕЙМЕН,  
учитель русского языка  
СШ №2 города Ушарал.



# Өмірдің, шіркін, тәттісі-ай...

## Жұбайым, ақын Қастек Баянбайға ескерткіш



Жерге дүрс етіп құлағандағы дыбыстан оянып кеттім. Таң ағарып атыпты. Бөлме іші жарық. Артынша «бері келші» деген сабырлы дауысы естілді. Екі аттап жетсем, кіреберіс шағын дәліздің қабырғасына бүк түсе сүйеніп отырып қалыпты. «Басың айналып кетті ме, не болды, кел төсекке апарайын», - деп қолтығынан демеп, қолынан тартып тұрғызбақшы болдым, бірақ қанша ұмтылғаныммен қозғала алмады.

Әкесінің төртінші ауруханаға жеткізілгенін балалар хабарлады. Түс ауа Қастектің өзі сөйлесті. «Менің жамбасым сыныпты, ота жасатсам бір аптада сауығып кетеді екем, мен келісіп отырмын, сен не айтасың», - деді. Дауысы тың кісінікі, жап-жақсы. «Жамбасы шынында да сынған ба!? Қыңқ еткен дыбысы шықпады-ау, Алла-ай!». «Онда тәуекел, сәтін берсін. Дәрігерлер солай десе, бекер айтпас, қорықпа», - деп өзімше дем бердім.

Ауруханаға түскендерден коронавирусқа сынама алып, бар-жоғы анықталғанша арнайы бөлімшеге жатқызады екен. Ертеңінде ... вирус бар боп шықты. Енді жұқпалы аурулар бөлімшесіне ауыстырды. Оның еңсесі күрт түсті. Күні бойы шөлдеді ғой деп шәй жіберсем ішпепті. Үйге кеткісі келіпті, жүрегі бір жамандықты сезді ме екен. Балаларды палатаның маңы түгіл, үлкен аурухананың дәлізіне жолатпайды. Сөйтіп, жаным-ай, екі аурумен бетпе-бет келіп ауруханада, бізден жырақ, жалғыз өзі қалды.

Түннің бір уағына дейін телефонда отырамын. Дәрігерлер күндіз біреуі, түнде екіншісі ауысып келіп жатады, бәрі де дауысымды танып алған сияқты. Науқас атаның хал-жағдайын баяндап береді. Үшінші күні түнде Асқар (тегін білмеймін) деген дәрігерге мобильді телефонды өздігінен пайдалана алмайтынын айтып, жұбайыммен сөйлесіп алуына көмектесуін өтініпті.

Бұдан кейінгі күндері сөйлесуге шамасы келмеді, жүрек соғысы азайды, тыныс алуы қиындады. Алтыным-ай десеңші, ... ажалмен арпалысып кетті. Ақыры жеңілді. Қайран жарық дүниемен қоштасып кете барды. Өмірдің басы сайран, аяғы ойран дегенді ара-тұра айтып жүретін. Солай болды. Жалған-ай, бір өзі бір үй толы кісі екен ғой. Қазір өз үйім өзімдікі емес, біреудікі сияқты. Жылуы жоқ. Өзі бала бөлме деп атайтын ұдай кабинеті құлазып қалды. Үміті мен арманының бастауы болған жазу үстелі де иесін жоғалтып қаңырап тұр.

Алпыс жылдай отасқан, маңдайыма ащы күн тигізбей, ештеңеден таршылық көрсетпей келген аяулы азаматымнан осылайша бір аптаның ішінде

көз жаздым. Өмірлік қосағым – сүйікті жарым енді жоқ. Алланың жазуы солай болған соң артында қалып, беймәлім күн кешіп, ілбіп жүрмін, қайтейін, басқа амалым бар ма? Бірге өткізген бүкіл өміріміз – жастық шағымыз, бақытты күндеріміз, сәбилі болған қуанышымыз, Қастегімнің нұрлы жүзі көз алдыма келіп, ойымды шарлап жүреді.

Адамның жастық шағы қимас бір дәурен ғой. Кілең қызықтың, қуаныштың ішінде жүресің, болар-болмасқа күлесің. Сол бір еркетотай шақта тағдыр бізді Алақол аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакциясында жолықтырды. Бір күні қызмет-тесіміз, ақын Сәкен Иманосов біздерге қарап: «Қыздар, жуырда осында жұмысқа бір сұлу жігіт келеді, қуырдақтың көкесі енді болады, бәрің оған ғашық боп қаласыңдар әлі», - деп әдетінше қарқылдап бір күліп алды. «Жарайды, көрерміз», - деп біз де сықылықтадық. Айтқандай-ақ, екі-үш күннен кейін үстінде қара пәлтесі бар бұйра шашты, қалың қасты, қыр мұрынды, қарағаштай қатқан жігіт келіп кірді. Бәріміз қарап қалдық.

Бір-бірімізге деген сүйіспеншілік сезімі екеуімізге кейін келді. Мен Талдықорғандағы медицина училищеге оқуға кеткем, ол редакцияда қалған. Студент болып оқып жүрдім. Аудан орталағы – Үшарал қаласындағы әпкеммен хат жазысып тұрамыз. Редакцияда істейтін Қастек деген жігіттің менің мекенжайымды сұрап үйіне келгенін айтыпты. «Енді редакция біраздан кейін Сарқанға көшеді, сол жаққа жұмысқа келмес пе екен, менен сәлем айтсаңыз», - депті. Сөйтіп Сарқандағы редакцияға келіп кірдім.

Кешкілікте мені күнде киноға шақырады, барамыз, қайтамыз, желігетіндей сөзі жоқ, тек қолымнан ұстайды. Ешбір сезімін білдірмеген соң мына кілең орыстар тұратын шағын қалада іші пысып, ежелгі танысы – менімен бірге жүр ғой деген ойға келдім.

Махаббат оты бір тұтанса оны сөндіру қиын ғой. Мені сынақтан өткізіп жүрген екен, бір күні «мылқау» жігітіме тіл бітті. «Екеуіміз бір-бірімізді көптен білеміз. Мен сені бұрыннан сүйейм, бірақ сен оны байқамадың. Енді үйленетін уақытым келді, маған тұрмысқа шығасың ба? Егер келіссең, демалыс алып

ауылға барамын. Шешеме келін түсіретінімді айтып, той қамына кірісем», - деп мәселені бүйірден бір-ақ қойды. Менің күтіп жүрген сөзім ғой, сөйтсе де тосын естіген соң не дерімді білмей қалдым, тек мойнына асылған күйі құшағына ене бердім.

Ол кезде, дүркірете тойланатын қазан мерекесі күндерінде редактор Романчуктің машинасын алып, қасымызда орынбасары Әбу аға мен жеңгеміз Сәкен тәте, құрбы қызым Күләш бар, Қастектің туған ауылы Талдықорғандық жол тарттық. Түс ауа тау етегіндегі табиғаты тамылжыған шағын ауылдың шетіне келіп кірдік. Мына қызықты қараңыз, қолдарына бір-бір табақ көтерген әйелдер ақырын келе жатқан машинамен жарысқа түскендей, тез-тез басып ілесіп келеді. Көлігіміз үйдің алдына келіп тоқтады. Түсейік десек, құрт, кәмпіт шашулар машина қорабына тарсылдап жауып кетті. Сәл бөгіліп қалдық. «Түссенші, көзілдірігімді сындыратын болды ғой», - деді құрбым асықтырып. Күліп жатырмыз. Ие, тезірек түсуім керек.

1966 жылы Алматыға көшіп келдік. Қыздарымыз – Шырын мен Муза ауылда әжесінің күтімінде қалды. Тастақта біреудің бір бөлмесін жалдадық.

Қадыр Мырза Әлінің сонау студент кезінде біздің аудандық газетте өлеңдері шығып тұрды, Қастекпен жақсы таныс екен. Үйіне қонаққа шақырып, емен-жарқын әңгімелесіп отырды. Алматыға келген қазақтың бәрі тұрағын Тастақтан бастайды. Біз де сөйткенбіз. Тастақ – қазақтың жері. «Енді қалаға келдіңдер, тамақты шымшып қана ішесіңдер», - деп күлдіріп те қойды. Осылайша қаладағы өміріміз басталды.

Алматыда Арман, Айбат деген ұлдарымыз дүниеге келді. Қуанышымызда шек болмады. Бала ұстағаны қандай епті еді, көргендер сүйсінетін. Қыздарды – сегіз-тоғыз жасқа, ұлдарды тіпті бозбала болғанға дейін өзі жуындырды, тырнақтарын алды.

Қаламгер үйіндегі отбасылық қуаныштың қайнар көзі әрі бағдары – көп ізденіп оқу, жазу үстелінің басында сарылып ойға шому, күнделікті күйбеңнен аулақтап оқшаулану сияқты қалыптасқан қағидамен жалғасып жатады. Кейде демалып отырғанда қасына барып құшақтасам, иығымнан бір сипап, жұмыс үстіндемін, бара ғой дегендей ишарат білдіреді. Мен өз шаруама кетем.

Өнер атаулының ішінде жазушылық деген бір бейнетті еңбек қой. Бұл, сірә, табиғаттың өзі жаратқанда тіршілік иесінің қанына қосып қоятын бір құды-

реті шығар. Қиындығы көп, рахаты да бар, тас қып ұстап өзінен жібермейтін шіркіннің жеңімпаз күшіне қайран қаласың. Дене жасушасының қорек тілегіш

қызметіне кім қарсы тұра алмақ. Өнердің жеңілі болмайды ғой, әйтсе де әншінің құлақпен естілетін дауысы елге тез тарайды, көзбен көріп әрі естіп білетін сахна, кино актерінің, суретші, мүсінші, сәулетшінің шеберлігі бірден аңғарылады. Ал қаламгердің танымал болуына төте жол бар ма? Әрине, жоқ. Ақын-жазушы қаламының қарымын тану үшін тұрмысы алаңсыз, рухани дүниесі кемел, қалың елі басылып отырып туындысын оқып, зерделеп, сөз етіп, бағасын беріп, бір-бірімен пікірлесіп, талқыға салып жатуы тиіс. Баспасөз үні жариялап, жарнамалап тұрса керек. Адами құндылықтар баршаның азығына айналуы шарт. Елінде мұндай ахуал болмаса жазушы сөзі тасада қалады, үні естілмейді, есімін халқы білмейді. Ендеше бойына тың күш, қаламына қуатты серпін берер атақ-абыройға да жете алмайды. Олар соған қарамастан, марапатқа мән берместен өнер жолын өмір бойына жалғастыра береді. Қаншама қажып шаршаса да, тіпті денсаулығы сыр берсін мейлі, қолындағы қасиетті қаруына жармасып бағады. Зиялы жан бүкіл әлем, қоғам, күллі адамзат мүддесі бір өзіне қарап тұрғандай сезініп, сол үшін жол сілтеп, ой айтып, онысын ақ қағазға түсіре бермек. Жаны сірі жамандық атаулымен ол осылайша күреске шығады. Қаламгер несібесіне бұйырған дүниенің бір қызығы осы болса керек.

Менің жұбайым сол күрескер қаламгерлердің бірі еді. Шығармашылық жолын ересектер үшін жазатын лирик ақын болып бастады. Бірнеше сыршыл өлең жинақтары қалың оқырман мен әдеби қауымның назарын өзіне аударып, ой-пікірлер айтқызды. Мұқаметжан Қаратаев, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Жайсаңбек Молдағалиев, Сәкен Иманосов, Рафаэл Ниязбеков, Сұлтан Қалиев, Қаржаубай Омаров, Жанат Елшібек және басқа көптеген сыншы, ақын, жазушылардың пікірімен айтқанда, Қастек Баянбай шығармаларын ой тереңдігі, ұлттық бояу қанықтығы, аз сөзділігі, бөтен сөз кірмейтін жұмырлығы, шебер ұйқастары, сан алуан жанры, нағымды шешімі, анық және дәл айту қалыбы ерекшелендіріп тұратынын жалпақ жұрты білді.

Сөйтіп қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Қастек Баянбай

балаларға арнап жыр жазатын үлкен ақын болды. Өзі айтқандай, балалық шағы басты тақырыбына айналып, жасы ұлғайған сайын сол бір қимас дәуренге жақындады. Автор жарты ғасырлық шығармашылық ғұмырында оқырманына отызға жуық жыр кітабын, үш томдық тандамалы шығармасын ұсынды. Ақынның әдебиетте жазбай танитын өзіндік қолтаңбасы қалды. «Тәтті сабақ» жинағына Халықаралық «Алаш» сыйлығы берілді. «Жалын» баспасында ұзақ жылдар қызмет істей жүріп «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» сериясымен көп томдықтар шығаруға тікелей басшылық етті. Өкінішке орай, нарық қыспағына байланысты жасақталған жиырма бес томдық серияның жолы үзіліп қалды. Осы салада сезілетіндей сілкініс жасау үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз болды және өзінің айрықша өлеңдерімен қазақ балалар әдебиетіндегі поэзияны жаңа сатыға көтерді дей аламын. Соңынан ерген, жүрегі бала деп соққан ізбасарлары көбейді.

Ол өзінің табиғи қалпымен өмір сүрді. Мен осындай іс атқардым деп мақтанбады, атақ-даңқ кумады. Шығармашылығына барынша адал болды. Қара қылды қақ жарғандай әділ сөзін айта білді. Қиын сәттерде өзінің аспай-саспайтын маңғаз, тау қозғалса қозғалмайтын сабырлы қалпын сақтап қалды.

Біздің сүйіспеншіліктен басталып, ұзақ жылдар бірге өткізген ғұмырымыз түсіністік, сыйластық, қимастық, жанашырлық сезімдерге, армандастық қиялдарға толы болды. Өлеңдерін әрдайым оқып сүйсіндім. Ер адамға тән байсалды мінез-құлқы, кісілігі, отбасына қамқорлығы, бекзаттығы үшін және маған салса айтар едім, жауһар жырлары үшін барынша қадір тұттым. Ақынды құрметтеу мәртебесіне жеттім. Ендігі хал-жайым белгілі, рухына бас иемін, құран оқып, дұға етем, тілек тілеймін. «Асылым, ардағым-ай, айрылып қалғаным-ай, өмірдің шіркін тәттісі-ай, аурудың келді-ау қаттысы-ай», - деп ыңылдаймын. Осы ауыр қайғының қайырын бер деп жаратушыға жалбарынамын. Қайыры – қазақ баласының амандығы ғой. Оқырманы аман-сау болса, Қастегім де мәңгі тірі боп қаларына сенемін.

Күлшат БАЯНБАЕВА,  
зейнеткер.

**ХАБАРЛАМА**

**Қабанбай ауылдық округі, Қабанбай ауылындағы бос тұрған және заңдастырылмаған көп қабатты иесіз үйлердің тізімін жариялаймыз. Осы мәселе бойынша туындаған сұрақтарыңызды төмендегі байланыс телефондары арқылы білесіздер: 4-14-31, 87052394475; 4-15-24, 87012377420**

№	Көше атауы	үй	пәтер	Бұрынғы үй иелері	(Заңдастырылған, Заңдастырылмаған)
1	З.Қойшыбаева	2	2	Кайранбекова Бишкен	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	4	Бекмузина Рима Какимбековна /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	5	Септенова Дина Акановна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	7	Гайваронская Любовь Александровна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	8	Верба Сергей /Тоқжайлау/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	10	Безродных Нина Андреевна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	12	Оспанова Кулятай /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	13	Сапронов Сергей /Қабанбай көшесі/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	14	Сағындықова Куляш	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	15	Салиев Бакыт /Талдықорған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	2	16	Есимбекова Бакыт Кабдолдановна	Заңдастырылмаған
2	З.Қойшыбаева	3	1	Сулейменов Шаймурат Каримович /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	2	Исабаева Бигай /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	3	Кусаинов Рыспай Закирович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	4	Удасова Раушан Байтуғуловна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	5	Курманбаева Келсын Абдулдаевна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	6	Абзодаев Канатбек Кенжебекович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	7	Даирбеков Мухтарғали Кабдығалиевич	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	8	Абеугалиев Тұрсынғали /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	9	Шепилев Владимир Викторович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	10	Алипов Марат Сатиевич /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	11	Омарханов Мухтар Омарханович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	12	Брузгин Михаил Александрович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	13	Биекбаев Мейрамбай Нурмуханович /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	14	Шуакбаев Хамит Шуакбаева Флюра	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	15	Бабаев Адам Муслим Исаевич /Момышұлы/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	3	16	Калашников Николай Александрович /Тоқжайлау/	Заңдастырылмаған
3	З.Қойшыбаева	5	1	Жамалдина Сүйенбеке /Талдықорған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	2	Ботабаева Кульзахан /Талдықорған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	3	Айдаркенов Есимхан	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	4	Жубаева Фазилә /Қабанбай/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	5	Казангапов Кайрат Ниязбекович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	6	Болгар Галина Сергеевна /Гагарин/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	8	Нусипбаев Советай	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	10	Шиликбаев Муратхан/Алматы/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	11	Омирханов Адылхан/Алматы/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	12	Спиридонова Наталья Анатольевна /Гагарин/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	14	Биктимиров Даулет Абекенович /Кохала/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	15	Токпаева Раиса Шаймерденовна Қазақстанда жоқ	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	5	16	Науменко Лидия Ивановна	Заңдастырылмаған
4	З.Қойшыбаева	8	1	Балажанова Раушан Какармановна /Ерденбек/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	3	Халадников Павел Николаевич /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	4	Медведева Ольга	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	8	Филимонов Александр Захарович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	9	Ященко Валентина Никифировна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	10	Касқырбаева Алтын	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	11	Ахметов Нурлан	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	8	12	Ахметов Нурлан	Заңдастырылмаған
5	З.Қойшыбаева	9	1	Маляева Надежда Максұтовна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	2	Калиаскаров Ерлан Жомартович /Жамбыл/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	3	Брейдер Иван Иванович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	4	Халеев Федор Иванович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	5	Маеесенко Сергей Петрович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	6	Вишневский Александр Григорьевич	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	7	Ахметов Мухтар Аязбекович /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	9	Бокашев Омиргали /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған

	З.Қойшыбаева	9	10	Бухтоярова Анна /қайтыс болған/	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	9	12	Мальцев Андрей	Заңдастырылмаған
6	З.Қойшыбаева	11	2	Маукебаева Римма Амантаевна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	4	Алиева Рая Рафиковна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	5	Молдагулов Сыланбекова Сулико	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	6	Мукашов Муратқали Жолдыканович Ақжар, бос	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	16	Белакабылская Алла Александровна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	18	Ибрагимов Хайролла	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	25	Жигербаева Светлана	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	26	Берикболов Шарипхан (Суттихан)	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	11	30	Омаров Армен Казбекович	Заңдастырылмаған
7	З.Қойшыбаева	12	3	Картамысова Кульпан Казкеновна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	4	Переладов Сергей Дмитриевич (Ресей)	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	6	Зуева Зинаида Викторовна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	7	Бойченко Николай Гергиевич	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	8	Ахметов Нұрқас	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	9	Туктибаев Оразбай	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	10	Тохтахметова Жұмағайша	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	11	Баранов Александр Игоревич	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	12	Ешмуратов Рифхат Ринатович	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	13	Адырбаева Тұрсынхан	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	14	Абдырахманова Гульзауреш	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	15	Перцева Галина Александровна	Заңдастырылмаған
	З.Қойшыбаева	12	16	Шетникова Татьяна (қайтыс болған)	Заңдастырылмаған
№	Көше атауы	үй	пәтер	Бұрынғы үй иелері	Үй заңдастырылған
1	Желтоқсан	16	3	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	16	4	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	16	6	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	16	8	Бос	Заңдастырылмаған
2	Желтоқсан	18	3	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	18	4	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	18	6	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	18	7	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	18	8	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	18	9	Бос	Заңдастырылмаған
	Желтоқсан	18	11	Бос	Заңдастырылмаған
№	Көше атауы	үй	пәтер	Бұрынғы үй иелері	Үй заңдастырылған
1	Абылайхан	263	4	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	263	5	Бос	Заңдастырылмаған
2	Абылайхан	283	1	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	283	2	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	283	3	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	283	4	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	283	5	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	283	6	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	283	7	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	2	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	3	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	4	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	5	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	6	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	7	Бос	Заңдастырылмаған
	Абылайхан	322	8	Бос	Заңдастырылмаған



# Балалар арасындағы жарақаттың алдын алу

Жарақат - бала ағзасына сыртқы ортаның қандай да бір факторы аяқ астынан әсер ету нәтижесінен, тіннің анатомиялық бүтіндігінің бұзылуы және онда физиологиялық процестердің болуын айтады. Балалар жарақаты ересектер жарақатына қарағанда анағұрлым кең тараған.

Балалар жарақатын қай жерде орын алуына қарай, бес типке бөлуге болады:

- 1) тұрмыстық (үйде, аулада, балабақшада болатын жарақаттар);
- 2) көшеде (бірінші кезекте көліктік, дегенмен көлікпен байланысты емесі);
- 3) мектептегі;
- 4) спорттық;
- 5) басқалар.

Тұрмыстық жарақат – ең көп таралған және оның себептері көп жағдайда – ата-аналардың ұқыпсыздығынан болады, қараусыз ғана қоймай, сонымен бірге оны қауіпті жерде қалдырады, терезе жаппайды. Балалар жарақатының басқа жүктемесі де бар – ол жас ерекшелігіне байланысты. Әр жастағы жеткіншекке – өзінің даму және құлық ерекшелігі болады, ол жарақаттың анағұрлым таралған типіне жатады.

Жиі жарақат алу – соғып алудың нәтижесі. Балаға кездейсоқ нашар ілінген картинаның құлауы, сөреге дұрыс қойылмаған гүл құтысы, ойнап жүргенде, тығылған кезде киім ілініп тұрған ілгіштің құлауы мүмкін. Өткеншектен құлап та қатты жарақат алуға болады. Көдімгі заттардан жарақат алу жиі болатын жағдай.

Қайшымен, қарындаш немесе бояумен жұмыс уақытында жарақат алу жағдайлары болады. Және кейде бүлдіршіндер ұсақ заттарды жиі мұрнына, құлағына тығып, жұтып қояды. Қыз балалардың құлағында өте ұзын сырға болғандықтан, киініп, шешіну кезінде жарақат алуы мүмкін.

Әрине, бұл жарақаттарды мүлде болдырмау мүмкін емес, жазатайым жағдайдан ешкім сақтана алмайды. Бірақ ата-аналардың міндеті – өз баласын барынша қауіптен сақтағаны жөн. Көп жағдайда жарақат ата-аналардың салғырттығынан болады.

Балалар жарақатының алдын алу тәсілі баланың жасына байланысты. Әрине, баланы тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн қарап отыру қиын, бірақ бала кіші болған сайын, оны көзден таса етпеу де маңызды. Үйде – үшкір, өткір заттардан, сіріңке, жылыту құралдары, химикаттарды (тазалайтын құралдар, бояу, лак т.б.) жасыру, розеткаларды арнайы бітегішпен жабу қажет. Терезелерді (тым болмағанда оларды берік тормен қамтамасыз ету керек) жауып қою қажет, баланы пешке және басқа да қауіпті тұрмыстық техникаларға жіберуге болмайды. Сонымен бірге бұл жаста баланы өз бетімен қауіптілік дәрежесін анықтай алуға үйрету қажет. Оған үтік және сіріңкеден күйіп қалатынын, пышақпен – кесіп, ал ыстықты – құйып алатынын түсіндіру қажет. Бұл жаста балалар барлық нәрсені қабылдай алады. Сондықтан, қауіп

туралы ол сіздің тәжірибеңізден емес, сіздің сөздеріңізден ұғынсын. Тек, оны қорқытпай, оған ақырындап, байыппен айту керек.

Бала есейген сайын, қауіпсіздік техникасының ережелерін түсінуге маңыздылық арта түседі. Мектепке барғанда ата-аналар жиі балалар жарақаты үшін жауапкершілікті сынып жетекшісіне, дене шынықтыру және еңбек мұғалімдеріне арта салады. Иә, сабақ кезінде мұғалімдер бала үшін жауапты болады, бірақ ата-аналар өз баласына жол жүру және басқа қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі тиіс. Мұғалім бүкіл сыныпқа жауап бергенімен де, 40 балаға қарау да оңай емес. Сізде бар - жоғы бір бала бар – ол жүретін жолға шығып кетіп немесе қандай да бір қауіпті бірдеңені жолға лақтырып жібермеуін қадағалау сізге байланысты. Балалардың денсаулығын қорғау – тәрбиешілер сияқты, ата-аналардың да маңызды міндеті.

Балалар жарақаты – маңызды мәселе, бірақ егер ата-аналар өздерінің балаларына дұрыс қараса және қауіпсіздік ережелерін үйретсе, көптеген жағдайдың алдын алуға болады.

**А.ҚАБДОЛОВА,**  
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы.

# Құттықтаймыз!



әулетінің ақылшысы болып отыр. Көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөленіп, абыройыңыз асқақтай берсін. Ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын.

**Ізгі ниетпен: Насима, Қамар, Айгүл, Асхат-Шынар, Елжас-Аллауаш, Ардақ-Әсем, Мирас-Салтанат, Айжан, Айдар-Айнұр.**

## Құрметті тұрғындар!

24.12.2021 ж. сағат 10.00-де Достық кентінің темір жол бекетінде (Алматы облысы, Алақөл ауданы, Достық кенті) «Dostyk Trans Terminal (Достық Транс Терминал)» ЖШС Алматы облысы Алақөл ауданы Достық кентінде көпфункционалды жүктерді қайта тиеу терминалындағы құрылыстың екінші кезеңі жобасының материалдары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлаймыз. Қатысушыларды тіркеу жеке бас куәландыру құжатын көрсеткеннен кейін өткізіледі.

Тіркеу талқылаудан 60 минут бұрын басталады.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде Zoom платформасында бейнеконференция арқылы өтеді.

Тыңдауларға қатысу үшін <https://us04web.zoom.us/j/72081907479?pwd=RG15YVoyU0JUYUxkaWcwMzdzR-tQT09> сілтемесіне өтіңіз.

Конференция нөмірі: 720 8190 7479

Кіру коды: G13yJ6.

Талпырыс беруші: «DostykTransTerminal (Достық Транс Терминал)» ЖШС, мекенжайы: Алматы қаласы Бостандық ауданы Тимирязев көшесі 28«В», 7 қабат, 11; тел.: 8-701-712-18-95; электрондық пошта : [proekt2030@mail.ru](mailto:proekt2030@mail.ru).

## Уважаемые жители!

24.12.2021 года в 10.00 ч в здании вокзала пос. Достык Алакольского района, Алматинской области проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам проекта «Многофункциональный грузоперевалочный терминал ТОО «Dostyk TransTerminal (ДостықТрансТерминал)» в по с. Достык Алакольского района, Алматинской области. Вторая очередь строительства».

Регистрация участников вводится при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Регистрация начинается за 60 минут до начала обсуждения.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видео-конференц-связи на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке <https://us04web.zoom.us/j/72081907479?pwd=RG15YVoyU0JUYUxkaWcwMzdzR-tQT09>

Идентификатор конференции: 720 8190 7479

Код доступа: G13yJ6.

Заказчик: ТОО «DostykTransTerminal (ДостықТрансТерминал)», адрес: г. Алматы, Бостандықкий район, ул. Тимирязева, 28 «В» 7 этаж, тел.:

Үшарал қаласының тұрғыны, аяулы ана, ардақты апа **Иманасова Айгүл Нүсіпқызын** 60 жас мерейтойымен құттықтаймыз. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған әпкемізге ең бастысы зор денсаулық, сарқылмас бақыт, таусылмас күш-қуат тілейміз. Адал еңбегімен тер төге жүріп ұлдарын ұяға қондырған жан бүгінде немерелерінің сүйікті апасы.



## Серік МҰҒЫҰЛЫ

Өңіріміздің дамуына өзіндік үлесін қосқан, денсаулық сақтау саласының өрге домалауына талай еңбек сіңірген медицина майталманы, арда азамат **Серік МҰҒЫҰЛЫНАН** айырылды.

Өмірін халық мүддесіне толықтай арнаған ағамыз 1938 жылдың ақпанында Еңбекші ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Талдықорған қаласында 10-шы сыныпты тәмамдап, 1963 жылы Семей қаласындағы мемлекеттік медицина институтын дәрігер мамандығы бойынша аяқтады.

Қолына дипломын алғаннан кейін жолдамамен Алақөл аудандық орталық ауруханасына жұмысқа орналасып, 35 жыл өңірдің медицина саласын дамытуға елеулі үлесін қосты. Қызмет жолында Еңбекші амбулаториясын, аудандық туберкулезге қарсы диспансерді басқарды. 1998 жылы зейнетке шықты.

Қажырлы еңбегінің арқасында талай мақтау қағаздар мен марапаттарға ие болды. Кеудесіне 1970 жылы «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалін, 1973 жылы КСРО денсаулық сақтау министрінің жарлығымен «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгісін, 1981 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының Жарлығымен Еңбек Қызыл Ту орденін, 1988 жылы Талдықорған облыстық атқару комитетінің шешімімен «Еңбек ардагері» медалін тақты. 2010 жылы ауданның Құрметті азаматы атағын алды.

Саналы ғұмырының басым бөлігін бұқараның денсаулығын қадағалауға арнап, осы салада қолтаңбасы алтын әріппен қалған Серік Мұғұлының туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, орны пейіш төрінде болсын.

**Аудандық әкімдік, аудандық мәслихат, аудандық арадагерлер кеңесі.**

**Құрылтайшылар:**  
Алақөл ауданының әкімдігі мен «Алақөл айнасы» ЖШС-і.

**Меншік иесі:**  
«Алақөл айнасы» ЖШС-і.

**Директор - бас редактор**  
Азат ЖАҚЫПБЕК.

**Телефондар:**  
Бас редактор: 3-52-63  
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74  
Оператор: 3-52-68, факс:3-52-63  
E-mail: [alakred@mail.ru](mailto:alakred@mail.ru)  
Сайт: [alakol-aynasy.kz](http://alakol-aynasy.kz)

Газет аптасына бір рет сенбі күні шығады

Газета выходит один раз в неделю, в субботу

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылғы 10 қазанда тіркеліп, №КЗ34VPY00015810 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200.

**Осы шығарылымның таралымы 4595**

Газет «Алақөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады. Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.